

**ХАБАРШЫ**

**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ**

**№ 2 (12)**

**2005**



# ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ

№ 2 (12)



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені**

**№2 (12)**

2005 жылғы маусым

***Құрылтайшы:***

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет, ақпарат және спорт  
министрлігі

***Редакциялық алқа:***

**Е. Қосыбаев** – Мемтерминком  
төрағасы

Е. Аманшаев  
С. Абдрахманов  
М. Айымбетов  
Ж. Бейсенбайұлы  
Ә. Кекілбаев  
М. Құлкенов  
Ш. Құрманбайұлы  
Б. Момынова  
Б. Омаров  
Д. Омашұлы  
М. Серғалиев  
Т. Тұяқбаев  
К. Хұсайын  
К. Юсуп

***Бас редактор***

**Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ**

ҚР Мәдениет, ақпарат және  
қоғамдық келісім министрлігінде  
тіркеліп, тіркеу туралы 2002 жылғы  
27 мамырда №2993-Ж куәлігі  
берілген.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ  
ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ  
РЕСМИ ҚҰЖАТТАРЫ**



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
Мемлекеттік терминология комиссиясының  
БАСПАСӨЗ ПАРАҒЫ**

Жақында Астана қаласында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының 2005 жылғы бірінші отырысы болып өтті.

Төрағалық етуші Мемлекеттік терминология комиссиясы төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт вице-министрі Е.Аманшаев жиналғандарды күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Мәжілісте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі География институты жанынан құрылған сараптама тобы ұсынған терминдер, ҚР Президенті Кеңесі жалпы бөлімінің меңгерушісі М.Жақыпов ұсынған терминдер және "Қазақ мұнай және газ институты" акционерлік қоғамы әзірлеген "Шыныпластик құбырлар желілерінің жүйесі" атты Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты талқыланды.

Мемлекеттік терминология комиссиясы ҚР Білім және ғылым министрлігі География институты мен ҚР Президенті Кеңесі жалпы бөлімінің меңгерушісі М.Жақыпов ұсынған терминдерді талқылай келіп, 115 термин сөз бен сөз тіркесін ресми бекітті.

Төменде Мемтерминком мәжілісінде бекітілген сөздер мен сөз тіркестерінің тізімі беріліп отыр.

1. абразивы - түрпітас
2. абразия - жемірілу
3. агенты выветривания - үгілу агенттері
4. азональность - бейаймақтық
5. акведук - тарнау
6. аккумуляция - жинақтау, жинақталу
7. бегунок - жүгіртпе
8. бегущая строка - жүгіртпе жол
9. берег наветренный - жел жаға
10. берег подветренный - ық жаға
11. бифуркация - екіжарылу
12. бифуркация рек - өзендердің екіжарылуы
13. бор - шоққарағай

14. боры ленточные - жалқарағай
15. быстрина - тезағыс
16. быстроток - тезағын
17. вал - жал
18. взвешенная пыль - ұшпа шаң
19. влажность критическая - қауіпті ылғалдылық
20. водоем - суайдын
21. водопад - сарқырама
22. водосброс - су ағыту
23. водоснабжение - сумен қамтамасыз ету
24. водохранилище - су қоймасы
25. воды аллювиальные - сіңбе су
26. воды безнапорные - қысымсыз су
27. воды внешние - қар суы
28. воды грунтовые - ызасу
29. воды дренажные - қашыртқы су
30. воды подземные карстовые - кеуекті жерасты суы
31. воды ювениальные - ювениль суы
32. воздух разреженный - селдір ауа
33. возобновление леса - орманды жаңғырту
34. волна стока - ағыс толқыны
35. время истинное звездное - жұлдыздық ақиқат уақыт
36. время квазиистинное звездное - жұлдыздық квазиақиқат уақыт
37. выветривание - үгілу
38. выветривание избирательное - ішінара үгілу
39. выветривание физическое - физикалық үгілу
40. выветренность - үгілгендік
41. вьюга - бұрқасын
42. гейзер - гейзер
43. гидроэлектростанция деривационная - деривациялық су электр станциясы
44. глей - қопа топырағы
45. глина - саз
46. гляциология - гляциология

47. голоц - жалаңашын
48. гололед - көктайғақ
49. городское зонирование - қалалық аймақтау
50. гребень - жота қыры
51. гряда - қырқа
52. дамба защитная - қорғаныш бөгет
53. дебит источника - бастау шығымы
54. дефляция - топырақ үрленуі
55. дешифрирование аэрофотоснимков - аэрофототүсірімдерді айқындау
56. для достоверности - дәйектілік үшін
57. долина аллювиальная - аллювийлік аңғар
58. дорожные знаки - жол белгілері
59. достоверная информация - дәйекті ақпарат
60. дренаж - қашыртқы
61. дюны - жағашағыл
62. забереги - жиекмуз
63. заводь - тұйықсу
64. заиление - ұйықтану
65. заказник - қорықша
66. закарственность - кеуектену
67. закраина - жиексу
68. зеркало грунтовых вод - ызасудың беті
69. злоупотребление служебным положением - қызмет бабын теріс пайдалану
70. зона аридная - қуаң аймақ
71. зона избыточного увлажнения - аса ылғалды аймақ
72. зона полупустынная - шөлейт аймақ
73. зона пустынная - шөл аймақ
74. зональность - аймақтылық
75. зыбун - қалқыма ұйық
76. изменчивость - құбылмалылық
77. ил - ұйық
78. индекс локализации - оқшаулау индексі
79. институционализировать - институттандыру

80. институциональные меры - институттандыру шаралары
81. инфльтрация - сіңу, сіңіру
82. источник восходящий - қайнар
83. истощение природных ресурсов - табиғи ресурстардың сарқылуы
84. камнепад - тасқұлама
85. комплектовать - жасақтау, жинақтау
86. консолидация - топтастыру (саяси)
87. консолидированный - шоғырландырылған (қаржы)
88. массив горный - тау алабы
89. массив жилой - тұрғынүй алабы
90. массив горный - орман алабы
91. миграция - көші-қон
92. накладная - теліндеме
93. недостоверная информация - дәйексіз ақпарат
94. обслуживание - қызмет ету
95. обслуживание бюджетное - бюджеттік қызмет ету
96. оказание услуг - қызмет көрсету
97. отправление - жөнелтілім
98. отрицательная оценка - теріс баға
99. отрицательное заключение - теріс қорытынды
100. положительная оценка - оң баға
101. положительное заключение - оң қорытынды
102. поставка товаров - тауар жеткізілімі
103. посылка - сауқат
104. превышение служебных полномочий - қызметтік өкілеттіктерін асыра пайдалану
105. преференции, преимущества - артықшылық
106. продукция двойного назначения - қосарлы мақсаттағы өнім
107. пункт назначения - межелі орын
108. рассылка - жіберілім
109. самовольность - бетімен кетушілік
110. самотек - бетімен жіберу
111. сфера оказания бытовых услуг - тұрмыстық қызмет көрсету саласы
112. товарное обозначение - тауар белгілемесі





- 113. товарные знаки - тауар таңбалары
- 114. товарные марки - тауар маркалары
- 115. условные обозначения - шартты белгілемелер

Мемлекеттік терминология комиссиясы өзінің 2005 жылғы бірінші отырысында География институты мен ҚР Президенті Кеңесі жалпы бөлімінің меңгерушісі М.Жақыпов ұсынған терминдер мен сөз тіркестерін және "Қазақ мұнай және газ институты" акционерлік қоғамы әзірлеген Мемлекеттік стандартты талқылады. Ұсынылған 309 тілдік қолданыстардың ішінен қатаң сараптау мен ұзақ талқылаудан кейін 115 сөз бен сөз тіркесі ресми бекітілді.

Термин жасау, оларды ресми бекіту практикасында бір түбірден өрбитін ұғымдар атауларының біріне балама ұсынылып, басқалары ескерусіз қалған реттер кездеседі. Мәселен, *зона* терминін Мемтерминком 2002 жылғы 11 желтоқсандағы отырысында *аймақ* деп ресми бекіткен болатын. Алайда осы түбірден өрбитін *зональность, азональность, зонирование* сол қалпында қолданылып жүрді. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Мемтерминком мүшелері бұларды тиісінше *аймақтылық, бейаймақтық, аймақтау* деп бекіту орынды деп тапты. Сондай-ақ осы түбірден өрбитін *қуаң аймақ (зона аридная), аса ылғалды аймақ (зона избыточного увлажнения), шөл аймақ (зона пустынная), шөлейт аймақ (зона полупустынная)* тіркестерін де ресми бекітті.

Терминком мүшелері *абразивы - түрпітас, воды внешние - қар суы, воды грунтовые - ызасу, воды подземные карстовые - кеуекті жерасты суы, посылка - сауқат, воды аллювиальные - сіңбе су* сөздерін салалық ұғымды ұлттық дүниетанымға сәйкес келетін сөздермен берген терминдер ретінде атап өтті.

Қалыптасқан үрдіс бойынша бір түбірден тарайтын немесе іргелес ұғымдар атаулары ұялық әдіспен *үгілу (выветривание), ішінара үгілу (выветривание избирательное), физикалық үгілу (выветривание физическое), үгілу агенттері (агенты выветривания), үгілгендік (выветренность), ұйық (ил), ұйықтану (заиление)* түрінде топтастырылып бекітілді. Терминдер мен сөз тіркестерін бұлайша топтап бекітудің іс жүргізуде де, аудармада да жеңілдік туғызып, олардың қолданысқа тез еніп кетуіне себебін тигізері сөзсіз.

*Обслуживание, оказание услуг* сөздерін қазақ тілінде екеуін де қызмет көрсету деп алып жүргендіктен, Мемтерминком мүшелері оларды даралау мақсатында *обслуживание* терминін *қызмет ету* деп, ал *оказание услуг* деген сөз тіркесін *қызмет көрсету* деп саралап бекіткен орынды деген шешімге келді.

Терминдер мен атауларды бекіту кезінде сонымен бірге олардың терминжасамға қойылатын талаптарға сәйкестігі, ұсынылған терминдердің қолданылу жиілігі, ұлт тілінің өз байлығын барынша ұтымды пайдалану қағидаттары назарда ұсталып отырды.

Мемтерминком



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
Мемлекеттік терминология комиссиясының  
ШЕШІМІ**

**Астана қаласы**

**2005 жылғы 20 сәуір**

1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің География институты ұсынған терминдердің ішінен олардың қаралғаны айтылған түзетулерді ескере отырып, бекітілсін.

2. ҚР Президенті Кеңесі жалпы бөлімінің меңгерушісі М. Жақыпов ұсынған терминдер айтылған түзетулерді ескере отырып, бекітілсін.

3. "Қазақ мұнай және газ институты" акционерлік қоғамы әзірлеген "Шыныппластик құбырлар желілерінің жүйесі" атты Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты мақұлданын.

**Мемтерминком төрағасының  
орынбасары**

**Е. Аманшаев**

**Мемтерминком хатшысы**

**Б. Омаров**

## **ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Бұл айдармен филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Құрманбайұлының Нәзір Төреқұлұлы және "жат сөздерді" қабылдау мәселелері туралы және филология ғылымдарының кандидаты Е. Әбдірәсіловтің терминографияның мәселелерін сөз еткен мақалалары беріліп отыр.



**Шерубай Құрманбайұлы,**

*ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі*

*Тіл комитеті төрағасының орынбасары,*

*филология ғылымдарының докторы, профессор*

## **Нәзір Төрөкүлов және "жат сөздерді" қабылдау мәселесі**

Тіліміздің ұлттық терминқорын қалыптастыруда тілдік және тілден тыс факторларға байланысты өзге тілдерден дайын атауларды көбірек қабылдап келгеніміз белгілі. Әсіресе, өткен ХХ ғасырдың 30-жылдарынан бастап, орыс тіліне негізделген кеңестік терминқор қалыптастыру мақсаты көзделгендіктен, еуропа халықтарының тілдеріндегі атауларды орыс тіліндегі қалпында өзгертпей қабылдап келдік. Жетпіс жылдай осы бағыттан таймағандықтан, термин қабылдау арқылы сыртқы көздің есебінен атаулар қорын қалыптастыру бізде дәстүрге айнала бастады. Алайда осы терминқор қалыптастырудың сыртқы көзін пайдалануда сол отызыншы жылдарға дейін қазақ зиялылары түгелге дерлік басқа пікірде болды. Солардың қатарында жат сөздерді қабылдау, тіліміздің дыбыстық-құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкестендіріп жазу туралы сонау жиырмамыншы жылдары-ақ арнайы еңбек жариялаған халқымыздың белгілі қайраткер ұлдарының бірі Нәзір Төрөкүлұлы да бар.

Өткен жылы "Алаш" баспасынан Нәзір мұрасын жинақтап, зерттеп жүрген ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Ж.Әлмашұлының құрастыруымен Н.Төрөкүловтың екі томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Көрнекті қайраткердің соңында қалдырған мұрасының "шаң басқан архивтерде" елеусіз жата бермей, қалың жұртшылыққа жетіп жатуы - қуанарлық та, құптарлық та іс. Бұл орайда біз де Н.Төрөкүлұлының жуырда жарық көрген шығармалар жинағына еңбеген 1926 жылы Мәскеуден басылып шыққан "Жат сөздер туралы" деп аталатын шағын еңбегін араб графикасынан қазіргі жазуымызға түсіріп, қайта бастырып шығаруды жөн көрдік. Өткен ғасырдың сонау жиырмамыншы жылдары қазақ терминологиясы дамуының Байтұрсынов кезеңінде жарық көрген бұл еңбектің терминтану тарихында өзіндік орны бар. Терминологияда күні бүгінге дейін шешімін таппай, ғалымдар тарапынан түрлі әңгіменің арқауы болып жүрген халықаралық терминдер мәселесін осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын арнайы сөз еткен бұл еңбекте бүгінгі терминологиялық жұмыстарды жүргізу барысында, шет тілдерінен термин қабылдауда назарға алатын құнды пікірлер аз емес.

Н.Төрөкүлұлы осы еңбегін жазудағы мақсаты туралы: "Біздің бұл жазудағы тілегіміз: сол жат тілдерден қазақшаға кірген сөздердің өзгеру заңын табу" дей келіп, ол жарыса қолданылып, әр түрлі жазылып жүрген сөздерді бір ізге түсіріп жазу - бір жағынан бүгінгі жазуымызды тәртіпке келтірсе, екінші

жағынан, тіліміздің болашақтағы дамуына да үлгі болатынын айтады. Олардың жөнге салған ісінің болашаққа үлгі болып қалыптасып қалатындығы жөніндегі ойын автор өз сөз қолданысында "тілдің келесіде баюына жол тазалау" - деп береді.

Н.Төреқұлұлы қазақтың білімді, зиялы азаматы ретінде шет тілдерінен термин қабылдаудың тілдік заңдылықтарын анықтап, соған сәйкес жазу үлгісін қалыптастыруды өзіне міндет санайды. Өзге тілдерден сөз қабылдамай тұра алмайтындығымызды айта келіп, ол - "...сертсіз, заңсыз жат сөздерді бос қоя беру де жарамайды, опыр-топыр болып, тіліміздің негізгі заңдылықтарын бұзып, тас-талқанын шығарып жібереді"- дейді.

Автордың бұл ойы да, "Қазақ тіліне кірген жат сөз болса, қазақтың тымағын киген жалпақ қазақ сөзі болып кірсін" деген ұстанымы да өзімен замандас, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы сынды қазақ зиялыларының пікірлерімен үндесіп, сабақтасып жатыр. Олардың барлығы да шет тілдерінің сөздері тіліміздің дыбыстық-құрылымдық заңдылықтарына бағындырылып қабылдануы қажет деген тұжырымға тоқталады.

Мәселені арнайы зерттеген тілші ғалымдардың көрсеткен мәліметтеріне сүйенсек, тіліміздің лексикалық қорының 30 пайыздан астамын араб-парсы сөздері құрайды екен. Бұл тұрғыда Нәзір Төреқұлұлы сол жиырмасыншы жылдары-ақ тілімізге енген араб-парсы сөздерінің игерілуін, көптеген нақты мысалдармен көрсетіп берген. Оның тілімізге сіңіп кеткен араб-парсы сөздердің қалай және қандай өзгерістерге ұшырай отырып қабылданғанын анықтау арқылы өзге тілдердің сөздерін де игерудің жолын табамыз деуі - тіліміздің сол кезеңге дейінгі даму тарихы мен сөз қабылдау тәжірибесіне жіті назар аударып білген зерек зерттеушінің аса байқампаздықпен айтылған, ешқашан құнын жоймайтын құнды пікірі. Зерттеушінің осы ойының бір түйіні ретінде айтылған - "Араб-парсы сөздеріне елдің баяғы заманда өзінен пішіп қойған үлгісі жалпы жат сөздердің барлығына жарамаса да, бірсыпырасына жарайды" - деген пікірі қазір де құнын жойған жоқ деп білеміз. Жалпы жиырмасыншы ғасырдың басында қазақ зиялылары көтерген термин мәселелерінің көпшілігі қазірге дейін шешімін таппай, қайтадан күн тәртібіне қойылып жатқан бүгінгі таңда олардың қай-қайсысының да еңбектерін елеусіз, пікірлерін ескерусіз қалдыруға тиіс емеспіз.

Бұл еңбегінде Нәзір Төреқұлұлы араб тілін жетік білетін білікті маман ретінде арабтың қай дыбысының қазақтың соған сәйкес келетін (жақын келетін) қандай дыбыстарымен алмастырылғанын, қалай таңбаланғанын немесе кей дыбыстардың мүлде түсіп қалатынын көптеген мысалдармен нақты (сөз басында, ортасында және сөз соңында) көрсетіп берген. Сондай-ақ ол - "Жалғыз-ақ әріп ауыстырумен жат сөз қазақ сөзі болмайды. Қазақ сөзі болып әбден сіңуі үшін сөздің жалпы құрылысы қазақша болуы керек." - дейді. Зерттеуші араб-парсы сөздерінің ішінде әсіресе жіңішке буынды сөздердің көп өзгеріске ұшырайтынын айта келіп, **برکة، کرمة** сияқты сөздердің

құрамында өзгеретін әріптердің жоқ екендігіне қарамастан, қазақ тіліне кіргенде *береке, керемет* түрінде таңбаланып, адам танымастай өзгеріске ұшырағанын мысалға келтіреді.

Н.Төреқұлұлы араб тіліндегі фатха, кесре, гамма және төшдидтің біздің тілімізге қалай қабылданғанын да көрсетеді. Мәселен, жіңішке буынды сөздердің құрамындағы фатха тілімізге көбінесе е болып өтетінін көрсететін бірнеше мысалдар келтіреді. Сол сияқты гамманың ү, ұ, о болып, кесренің е, ы, і болып қабылданатынын да, л, м, н әріптерінің қатар келмейтінін (тәшtid) де көптеген нақты мысалдармен көрсетіп береді.

Автордың "Татарда араб-парсы сөздерін бұзбай алу, айту мінезі бар. Бұл мінез қазаққа жарамайды" дей келіп, татар тілінен бізге де сол сөздерді өзгеріссіз қабылдауға жол беруге болмайды деген пікірі де орынды айтылған.

Кезінде бізге парсы тілінен енген *-кер, -паз, -стан* сияқты қосымшаларды қазір біз аса жатсына қоймайтынымыз, олардың тілімізге сіңісті болып қалғаны белгілі. Н.Төреқұлұлы бұл қосымшалар "үндестік заңын ойран қылады", сондықтан олардың жалғануы арқылы жасалған *жұмыскер, білімпаз, өнерпаз, әсемпаз, Қазақыстан, Татарыстан* сияқты сөздерді осы қалпында қалдырмай, *-ғыш, -гіш, -шы, -ші* сияқты төл жұрнақтарымызбен алмастырып немесе *білім иесі, қазақ елі, татар елі* деп өзгертіп алған дұрыс деп санайды.

"Жат сөздердің" бірінші бөлігі араб-парсы тілінен енген сөздерге арналса, екінші жартысы "Ауропа сөздері" деп аталады. Еуропа сөздері туралы өңгіме бастағанда-ақ автор - "Жалпы құрылысына қарағанда араб-парсы сөздеріне пішкен заңдарымыз ауропа сөздеріне де жарайды десек, үлкен жаңылыс болмайды. Ауропа сөздері де араб-парсы сөздеріндей өзгеруге тиіс" -дейді.

Жалпы Ахаң бастаған алаш зиялылары мен Нәзір Төреқұлұлының шет тілдерінен термин қабылдауға қатысты көзқарастарында айтарлықтай алшақтық жоқ. Алдымен өз тіліміздің мүмкіндігін пайдалану мен өзге тілдер сөздерінің барлығын да тіліміздің дыбыстық-құрылымдық заңдарына бағындырып қабылдау мәселесінде Н.Төреқұлұлы Қазақстан білім ордасының белгілеген қағидаттарымен, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, М.Дулатұлы сияқты ұлт зиялыларының ұстанымдарымен келіседі. "Жат сөздер" авторы ұсынысының білім ордасы бекіткен қағидаттардан негізгі айырмашылығы - ол араб-парсының, түркілердің емес, еуропа тілдерінің сөздеріне басымдық беру қажет деп санайды. Оның себебін бір сөзінде ол "Біздің мәдениет кеңес мәдениетімен бірге кетпек. Біздің алдымыздағы 50-60 жыл ішінде қазақ баласы орыс мектебін көрмей, жоғары білімді алмайды (*қазіргіше - ала алмайды*)" деп, түсіндірсе, келесі сөзінде "Қазақ тілі жетпеген сөзін Ыстанбол мен Қазаннан іздемей-ақ ауропадан алады. Үйткені қазақ кедей болса, көбінше әзірге мәдениет, техника терминдеріне кедей. Осылай болған соң тілдес елдердің өздері жетпеген терминдерін ауропадан алып отырған шақта "делдәлсіз" тура ауропадан алсақ не болады?!" - дейді.

Н.Төрөкұлұлының еуропа сөздерін делдалсыз-ақ тікелей түпнұсқа тілден алайық деген ұсынысы дұрыс-ақ. Бірақ бұл мәселе 1924 жылы білім ордасы бекіткен қағидаттардан көрініс тапқан болатын. Елдес Омарұлы сиезде жасаған баяндамасы бойынша қойылған сұрақтарға жауап бергенде: "Түркі халықтарының бәріне ортақ жалпы түрік сөзі болмаса, - түрік халықтарының кез келген біреуінде бар сөзді жақын көрудің қыйсыны болмайды. Қазақта жоқ сөзді басқа түріктерден іздеу керек - деген жобаны: түрік халықтарының бәріне ортақ сөздерден іздеу керек - деп түсіну керек"<sup>1</sup> дейтін түсініктеме берген еді. Оның үстіне сиезде Н.Төрөкұлұлы да баяндаманы талқылауға қатысып, өз пікін айтқан болатын. Жалпы білімпаздар сиезінің "Иаурыпа қалықтарының бәріне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің дыбыстарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын" деген қағидатты бекітуі Н.Төрөкұлұлы ұсынысының алаш зиялылары жасаған қағидаттардан толық көрініс тапқанын көрсетеді.

Н.Төрөкұлұлының М.Дулатұлының тұжырымдарына қатысты айтқан сыни пікірлері олардың ғылыми көзқарастарының алшақтығынан, ұстанған қағидаттарының бөлектігінен емес, оның басқа себептері бар екендігі аңғарылып тұр. Жалпы алаш зиялылары белгілеген терминология қалыптастыру қағидаттарының дұрыс жасалғандығына күмән келтіру қиын. Оны Қазақстан білім ордасының жұмысына барынша сын көзбен қарай отырып жазған, жан-жақты білімді қазақ зиялысы Н.Төрөкұлұлының осы еңбегінен де көруге болады. Егер 1924 жылы сиез бекіткен қағидаттардың ғылыми негізінің қандай да бір осал тұсын байқағанда, Н.Төрөкұлұлы өзіне тән өткір тілімен "тіліп-тіліп" айтқан болар еді.

Кітапшаның "Ауропа сөздері" деп аталған екінші бөлігінде де автор еуропа тілдеріндегі қай дыбыстың қалай өзгертіліп алынуы керектігін немесе араб сөздерін алғандағыдай жолмен қабылдауға болатынын көрсететін мысалдар келтіреді.

Н.Төрөкұлұлының бұл еңбегі кірме сөздерді тіліміздің дыбыстық-құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып қабылдау тұрғысынан А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлдарының, жалпы алаш зиялыларының көзқарастарымен сәйкесіп жатқан, көп тілді білетін білікті маман ретінде өз тарапынан қосқан нақты ұсыныстары мен тұжырымдары бар, осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын жазылғанына қарамастан, күні бүгінге дейін ғылыми құндылығын жоймаған кітап. Кірме терминдерді жазу бізде әлі толық шешімін таппаған, соңғы жылдары мамандар тарапынан жиі сөз болып жүрген мәселе. Бұл мәселені шешу барысында Н.Төрөкұлұлының еңбегі ескерусіз қалмайды деп ойлаймыз.

"Еңбекші қазақ" газетінің 1926 жылдың 14 сәуіріндегі санында "Кітап сыны" деген айдармен аты-жөнін "Т." түрінде қысқартып берген азаматтың

<sup>1</sup> Қазақ білімпаздарының тұңғыш сйезі. Орынбор, 1925. 84-б.





"Жат сөздерге" жазған рецензиясы жарық көрді. *(Ол пікір кітап соңында беріліп отыр.)* Онда пікір білдіруші Н.Төрекүлұлының кейбір ойларына қатысты сыни пікірлер де айтумен қатар - "Тегінде Нәзір кітабы қазақ тілін таза сақтауға едеуір шылбырдың ұшын береді. Нәзір қазақ тіліндегі сингармонизм жолын қуаттаушы жазушы. Мұндай кітаптар шыға беруіне тілектеспіз" - деп, бұл кітаптың құнды жақтарын айта келіп, сөзін аяқтапты.

Жарық көрген кезде де оң бағасын алған бұл еңбектің, кірме атауларды қабылдау мәселесі әлі шешімін таба қоймаған қазіргі кезеңде де қажетімізге жарайтынына еш күмән келтірмейміз.



Ербол Әбдірәсілов,

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты***Қазіргі терминологиялық сөздіктер жасауда қолға алуды  
қажет ететін негізгі мәселелер**

Қазіргі қазақ терминографиясының жағдайында баспадан жарыққа шығып жатқан сөздіктердің сапасы мен қызметіне, олардың терминдерді реттеп беру, дефинициясын ашып беру дәрежесіне ғылыми-көпшілік қауымның, ғалымдардың көңілдері толмай жүргендігі, әр сөздік түрінің өз қызметтерін орынды, талапқа сай орындай алмай келе жатқандығы кім-кімге де жаңалық болатын құбылыс емес. Осыған орай, терминологиялық сөздіктер шығару ісінің қазіргі жағдайының қалыптасып отыруының себептері нендей? Терминологияның даму бағытының, жаңа терминдерді жасау ісінің оған қандай әсер-ықпалы бар? Терминологиялық және басқа да сөздік түрлерін шығаруда қандай мәселелер ескерілмей, қандай талаптар орындалмай жатыр? деген сияқты өзекті мәселелерге жетелейтін сұрақтар туындайды. Осы мәселелер тізбегіне тілдік және тілдік емес тұрғылардан қарап, талдап көрудің артық болмайтындығы анық.

Терминологиялық сөздіктердің сапасын жақсартуға деген ұмтылыс әр елдегі қалыптасқан терминологиялық сөздіктер шығару ісіне деген көзқарас пен түсінікке, оларды басқарып отыратын ғылыми-үйлестіруші жүйеге байланысты екендігін әлемдік терминография саласындағы тәжірибелер көрсетіп отыр. Терминдерді реттеу, қолдану, бірізге түсіру деңгейі дамыған елдердің ғылыми-басқарушы орындары бұл саладағы жұмыстарды реттеу ісінегі жетістіктерге бірден қол жеткізе қоймағандығы да түсінікті. Солай бола тұрса да терминография саласы жан-жақты зерттеліп келе жатқан АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Польша, Ресей сияқты т.б. көптеген елдердің ғалымдары үздіксіз іздене отырып, ғылым мен техникадағы прогрестің жетістіктерін сөздік шығару ісінде пайдалануға ұмтыла отырып, әрі терминологиялық сөздіктердегі терминдерді сапалы беру үшін термин табиғатын да жан-жақты қарастыра отырып жеткендігін ұмытпауымыз керек. Осы мақсаттарда қазақ терминографиясы мен терминологиясын реттеуде қазақ ғалымдарының зерттер мәселелері жеткілікті екендігін де ескеру керек шығар. Соған қарамастан, өзге елдердің ол жеткізген жетістіктері тұрғысынан қазіргі қазақ терминографиясынағы терминологиялық сөздіктерді шығарудағы кемшіліктерге, солар арқылы ескеруге тиісті негізгі деген мәселелерге тоқталып көрелік.

Ең алдымен, қазіргі шығарылып жатқан терминологиялық сөздіктердің арасында сапалық жағынан анағұрлым жетістіктері барларын да жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, терминологиялық сөздіктер қазіргі салалық ғылымдардың терминологиялық жүйесінде соңғы кезеңдерде қазақша терминдер жасау үрдісімен байланысты пайда болған бірқатар сәтті



терминдер ретін қалыптастырып үлгерді. Сондықтан сөздік жасау ісіндегі қазіргі кемшіліктері мен жетістіктері қатар қалыптасып отырған жағдайды бір жақты бағалау орынсыз болған болар еді. Бұл - көпшіліктің еңбегін мүлдем дерлік жоққа шығармау керек деген тұжырым.

Дегенмен, олардың арасында кемшіліктердің басым көрініс беріп жатқандығын байқасақ, біздің алдымызда соларды анықтай отырып, алдағы уақытта ескерілуге тиісті қорытындылар шығару міндеті тұрғандығын дұрыс түсінуіміз де керек болар.

Айталық, терминдерді қолға алу кезеңінің басталуымен байланысты терминологиялық сөздіктер санының көбейгендігі. Оған ықпал етіп отырған әрі техника тілінің, компьютерлік машиналардың пайдаланылуы. Мұның да тиімді, тиімсіз екі жағы бар. Компьютерлік техникаларды пайдалану арқылы сөздік жасау ісін жеңілдету әлемдік қолданбалы тіл білімінде соңғы онжылдықтарда белсенді қарастырылып келе жатқан, әрі орынды, әрі тиімді мәселе. Бұл бұрыннан қалыптасқан картотека қоры арқылы ғылыми жүйеге тән терминдердің қорын жинақтауды автоматтандыратын, сөздік жасауды тездететін әдіс. Жоғарыда айтқан, сөздік түрлерінің көбеюіне осы мәселеленің тікелей әсері болғандығы дәлелдеп жатуды қажет етпейді. Сөздіктер санының көптеп шығарылуы да бір жағы жетістік, екінші жағы кемшілік. Бұл саннан сапаға ұмтылмағандығымызды айғақтайды. Алайда, техника тілінің пайдаланылуымен байланысты сапалы сөздіктерге қарағанда, сапасыз сөздіктердің көбеюі - терминологиялық сөздіктер шығару ісінің осы бағытындағы үлкен кемшілік. Өзге елдердің терминографиясында техника тілін пайдалану арқылы үнемделген уақыт, күш сол сөздіктерде берілетін терминдерді реттеп, сапаландыруға жұмсалады екен.

Сондай-ақ, ендігі кезекте қазақ терминографиясында техника тілін электронды сөздік нұсқалары түріндегі сөздіктер шығаруға пайдалану, сол арқылы басқа терминдерді жүйеге сәйкес реттейтін, арнайы бағдарламалары жасалған *тезаурус*, *ақпараттық-ізденіс* сөздіктері сияқты пайдалы, әрі сапалы сөздік түрлерін шығаруда пайдалану міндеті тұрғандығын да айта кетуіміз керек. Техника тілін терминологиялық сөздіктер жасау ісінде пайдаланудың тағы бір тиімді тәсілі - терминдердің жиынтық мәліметінің яғни ТЖМ-ның электронды түрін жасап (Орысшасы ТБД - Терминологический банк данных - Е.Ә.), ТЖМ-ды басқа мемлекеттік деңгейдегі сөздіктер шығару ісінде эталон ретінде, әрі терминдер туралы жан-жақты ақпараттар беретін құнды көз ретінде пайдалану. "Жан-жақты ақпараттар беретін құнды көз" ұғымына тоқталсақ, көршілес орыс терминологтары мен терминографтарының тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, бағдарлама тілі арқылы жасалған электронды ТЖМ-дарда тек картотекада берілетіндей терминдердің мәліметін жинақтап беріп қана қоймай, олар туралы жан-жақты ақпараттарды - терминдердің басқа бірнеше тілдердегі нұсқалары, басқа терминдермен жүйе ішіндегі байланысы сияқты т.б. мәліметтерді беруге болады.

Демек, дамыған технологиялардың өзін тиімді мақсаттарда, қазіргі заманға сай сөздік түрлерін шығаруда пайдаланғанымыз орынды деп білеміз.

Терминологиялық сөздіктер шығару ісіндегі негізгі кемшіліктеріміздің тағы бірі - терминологиялық сөздіктердің мәртебесін, "сөздік" ұғымының мәртебесін дұрыс түсінбеу. Өйткені сөздік екінің бірі компьютерде теріп алып, бір-екі автор бірігіп шығара беретін, жеңіл жауапкершілікпен қарауға болатын еңбек емес. Ол - терминнің үлгі нұсқасы ретінде пайдаланылатын, көпшілік негізгі еңбек ретінде сүйенетін, мемлекеттік деңгейде шығарылатын маңызды еңбек. Сөздік жасау ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын қоғамда сөздіктер авторлық коллективтің көмегімен, анағұрлым үлкен уақыт аралығында шығарылады. Мысалы, орыс ғалымдары терминологиялық сөздіктердің жеке авторлар тарапынан шығарылуын құптамайды.

Терминографиядағы келесі ескеруді қажет ететін кемшіліктердің бірі - терминологиялық сөздіктер шығару ісіне деген дұрыс көзқарастың, ұжымдық ізденіс пен еңбектің жетпей отыруы. Сөздік жасау ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын қоғамда сөздіктер авторлық коллективтің көмегімен, анағұрлым үлкен уақыт аралығында шығарылады. Мысалы, орыс ғалымдары терминологиялық сөздіктердің жеке авторлар тарапынан шығарылуын құптамайды. Біздегі соңғы кезеңдерде әр автор немесе бірнеше ғана авторлар тарапынан шығарылатын терминологиялық сөздіктердің сапалық жағынан ақсап жатуының бір себебі осында екендігін түсіну қиынға соқпауы керек.

Терминография, сондай-ақ, қазіргі қазақ терминологиясы мен терминографиясы жағдайында арнайы қадағалап, сөздік шығару механизмінің өзін сатылап бірізге түсіретін мемлекеттік ұйымдарды қажет етеді. Қысқаша айтқанда, терминологиялық сөздіктер шығару ісінің өзі тұтас бір механизмге құрылуы, ізденіс пен ғылыми ұжымдық еңбектерді қажет етуі тиісті.

Терминологиялық сөздіктердің кемшіліктермен шығуына әсер ететін негізгі кемшіліктердің тағы бірі тар салалық терминологиялық сөздіктердің шығарылмауымен байланысты. Өйткені, негізінен салалық ғылымдардың жалпы деңгейінде шығатын сөздіктерде тар салалық терминдер мен салалық жалпы терминдер, саларалық терминдер аралас беріліп, бұл сөздіктегі жүйелілікті нұқсан келтіріп, терминологиялық жүйе туралы толық түсінік беруге кері әсер етеді.

Аталған өзекті мәселелер терминологиялық сөздіктердің макро және микроқұрылымындағы ішкі кемшіліктермен, сөздіктерде терминдерді берудегі қателіктермен де тікелей байланысты. Бұл - қазақ терминографиясын қарастыруды туындатып отырған қозғаушы күштердің, негізгі себептердің бірі екендігі де түсінікті. Қалай болғанда да, терминологиялық сөздіктерде кездесетін кемшіліктерді көрсетудің терминография теориясын қалыптастыру үшін өзіндік маңызы бар. Сондықтан олардың мынандай түрлерін көрсетуге болады:

- Бірнеше сөздік қызметінің бір сөздікте берілуі. Айталық, түсіндірме сөздікті әрі аударма сөздік ету немесе аударма сөздікті әрі тақырыптық сөздік етіп түзу. Бұл сөздік түзу ісін қиындатады, әрі мұндай сөздікті пайдалану қолайсыздық тудырады;

- Терминологиялық сөздікке терминдерді сұрыптап алуда қателіктер кездеседі. Көптеген терминологиялық сөздіктердің құрамында қамтылған



терминдерден сөздік түзушінің субъективті ұстанымын және сөздікке кездейсоқ алынған терминдер ретін аңғаруға болады.

- Бір сөздік түріне жататын терминологиялық сөздіктердің құрылымында бірізділік сақталмайды. Әр сала мамандары жасаған сөздіктерін өз талғамына сай түзуге тырысады. Осыған орай сөздіктің әр түріне қатысты қатаң сақтауға тиісті заңдылықтар мен талаптар белгіленбеген. Нәтижесінде, белгілі бір саланың әр автор шығарған терминологиялық сөздіктері әр түрлі нұсқада шығарылып жүр; Бұл терминологиялық сөздіктердегі жүйеліліктің сақталмауына, қолданыстағы бірізділіктің болмауына итермелейді;

- Терминологиялық сөздіктердің құрылымында қажет тұста керекті шартты белгілер мен сілтемелер берілмейді;

- Терминологиялық сөздіктердің мазмұны мен құрылымы оның басты мақсаты мен қызметіне сәйкес келе бермейді. Мысалы, көптеген аударма сөздіктерде терминдер дұрыс аударылмай жатады, кірме терминдер қазақ тіліндегі бағанасына сол қалпында беріле салады. Бұл кірме терминдер қазақ тілінде мүлдем қолданылмасын деген сөз емес, тек кірме терминдер арнайы бөлім ретінде берілуі қажет. Мұндай кемшіліктер аударма терминологиялық сөздіктің негізгі қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді;

- Терминдерді сұрыптауда, оларға анықтама беруде бірізді үлгі мен принциптер сақталмайды. Кейбір ғылым саласының терминологиялық сөздіктерінде бірнеше термин бір нұсқада аударылып беріледі, немесе бір терминнің әр түрлі аудармасы кездеседі. Бір ғана терминнің бірнеше аударма нұсқасының болуы, олардың әр түрлі сөздікте әр түрлі аударылып берілуі терминологиядағы синонимділікті, терминдердің қолданысындағы жарыспалылықты тудырады.

- Қазақ терминографиясындағы терминологиялық сөздіктерде терминнің жасалу жолдарын, морфологиялық құрылымын беру тәсілдері қалыптаспаған;

- Сөздік материалдары мен безендірілуінде бірізділік сақталмайды.

Осыған ұқсас орыс тіліндегі терминологиялық сөздіктердегі кемшілік түрлерін орыс терминографы С.В.Гринева та өз еңбегінде атап көрсеткен. 90 жылдарға дейін орыс терминографиясында да терминологиялық сөздіктер түзу ісінде негізге алатын ғылыми еңбектер мен құжаттар жоқтың қасы болған. Тек С.В.Гринева пен Ю.Н.Марчук еңбектерінің пайда болуы орыс ғылыми терминографиясын әрі теориялық, әрі тәжірибелік тұрғыдан дамытуға ықпал етті. Аталған кемшіліктердің терминологиялық сөздіктерде жіберілмеуі үшін тәжірибелік терминографияда қолданылатын әдіс-тәсілдер мен оларға қойылатын талаптар ғылыми тұрғыдан негізделіп көрсетілгені орынды. Бұл жан-жақты талдауды және зерттеуді, теориялық терминографияның ғылыми-теориялық негіздерін, өзіндік жүйесін қалыптастыруды қажет етеді.

Жинақтай айтқанда, осы сияқты ескеруге тиісті мәселелер ретін анықтап, терминологиялық сөздік құрылымына қажетті элементтердің ретін зерттей түсу және әр терминологиялық сөздік түріне сәйкес макро және микроқұрылымдық элементтерді тандап қолдану терминография сөздіктерді жасап шығарушы терминографтардың негізге алатын, ескеруге қажетті мәселелері деп білген жөн.

## ҰСЫНЫСТАР, ПІКІРЛЕР

Бұл айдармен физика-математика ғылымдарының кандидаты, филология ғылымдарының докторы Ш.Біләл ұсынған математика терминдерін жариялап отырмыз. Сонымен қатар мамандардың терминология, терминдердің қолданылуы туралы ой-пікірлері, ұсыныстарымен бөліскен хаттарын күтетіндігімізді айтамыз.

Шерәлі Біләл 284.

физика-математика ғылымдарының кандидаты 285.

филология ғылымдарының докторы 286.

БФМ Математика институтының ғылыми қызметкері 287.

288.

289.

290.

291.

292.

293.

294.

295.

296.

297.

298.

299.

300.

301.

302.

303.

304.

### Математика (риазият) атаулары (орысша-қазақша)

251.	Нигде не плотное множество	-	Әркез босаң жиын	293.
252.	Нижнее основание	-	Табан	294.
253.	Нижняя грань	-	Төменгі шек	295.
254.	Нильпотентный элемент	-	Бсйәлеует әуел	296.
255.	Норма	-	Қалып (мөлшер)	297.
256.	Норма изображения	-	Бейнелеу қалыбы (мөлшері)	298.
257.	Нормализация	-	Қалыптау (мөлшерлеу)	299.
258.	Нормаль	-	Тура	300.
259.	Нормальная кривизна	-	Тура қисықтық	301.
260.	Нормальная плоскость	-	Тура жазықтық	302.
261.	Нормальный оператор	-	Тура амалгер	303.
262.	Нормирование	-	Қалыптандыру (мөлшерлендіру)	304.
263.	Нормированное пространство	-	Қалыпталған кеңістік	305.
264.	Нормирующий множитель	-	Қалыптаушы көбейткіш	306.
265.	Носитель	-	Тұғыр	307.
266.	Нулевой вектор	-	Нөлдік меңзер	308.
267.	Нумерация	-	Нөмірлеу	309.
268.	Область	-	Аймақ	310.
269.	Образ фильтра	-	Сүзгі бейнесі	311.
270.	Образующие элементы	-	Жасаушы әуелдер	312.
271.	Обратимый оператор	-	Керіленетін амалгер	313.
272.	Обратимость	-	Керіленушілік	314.
273.	Обратная пропорциональность	-	Кері үлестестік	315.
274.	Обратная теорема	-	Кері түйін (Елдес Омаров атауы)	316.
275.	Обращение матрицы	-	Тікшемді керілеу	317.
276.	Общерекурсивная функция	-	Түгелқайтуылды берне	318.
277.	Обыкновенный интеграл	-	Кәдімгі интеграл	319.
278.	Объектная переменная	-	Заттық айнымалы	320.
279.	Объемный потенциал	-	Көлемдік әлеует	321.
280.	Овражная функция	-	Аңғарлық берне	322.
281.	Огибающая	-	Орайжанауыш	323.
282.	Огибающая линия	-	Орайжанауыш сызық	324.
283.	Ограниченная сверху (снизу)	-	Жоғарыдан (төменнен) шептелген	325.

Ограниченность	-	Шептелу
Окаймляющий минор	-	Көмкеруші анықтауыш
Октант	-	Сегіздік
Октаэдр	-	Сегізжақ
Омбилическая точка	-	Дөңгеленген нүкте
Операнд	-	Амалдық
Операция	-	Амалгер
Операция присваивания	-	Иелену амалгері
Операционная система	-	Амали жүйе
Операционное исчисление	-	Амали қисап
Оптимальное управление	-	Оңтайлы басқару
Оптимизационная задача	-	Оңтайландыру мәселесі (есебі)
Орбита	-	Әуежол
Ординальное число	-	Реттік сан
Ордината	-	Беттік
Орисфера	-	Шеккүмбез
Орицикл	-	Шекшеңбер
Ортогонолизация	-	Тіккілдеу (кіл-бұрыш)
Ортогональная проекция	-	Тіккілді кескін
Ортогональность	-	Тіккілдік
Ортогональный базис	-	Тіккілді мәйек (Елдес Омаровта үшкіл-үшбұрыш)
Ортонормированная система	-	Тікқалыпты жүйе
Ортоцентр	-	Тіккіндік
Ось	-	Өс
Ось ординат	-	Беттік өсі
Отвлеченное число	-	Дерексіз сан
Открытая база	-	Ашық мәйек
Отладка	-	Пысықтау
Отладочная программа	-	Пысықтауыш бағдарлама
Отношение эквивалентности	-	Іліктестік қатынас
Отображение "в"	-	Ішбейнелеу
Отображение "на"	-	Үстбейнелеу
Офиурида	-	Жыланқұйрық
Пакет прикладных программ	-	Қолданбалы бағдарламалар қаттамасы
Парабола	-	Іінше
Параболические координаты	-	Ііншелік тұрағиаттар
Паракомпактное пространство	-	Тысқомақы кеңістік
Параллелипипед	-	Қиығжақ
Параллелограмм	-	Қиықша (Елдес Омаров атауы)
Параллелоэдр	-	Қатаржақ



324.	Параллельное программирование	-	Қатарлас бағдарламалау
325.	Параметр	-	Демеуіш
326.	Параметрическое задание	-	Демеуіштік берілу
327.	Пентагон	-	Бесбұрыш
328.	Пентограмма	-	Бессызба
329.	Первообразная	-	Түпбейне
330.	Перечислимое множество	-	Терімді жиын
331.	Периметр	-	Жиектік
332.	Период	-	Оқтын
333.	Периодическая функция	-	Оқтын берне
334.	Периодическое решение	-	Оқтын шешім
335.	Периодичность	-	Оқтындық
336.	Перманент	-	Сақталым
337.	Перманент матрицы	-	Тікшем сақталымы
338.	Перпендикуляр	-	Тік
339.	Перпендикулярное сечение	-	Тік кима
340.	Перпендикулярность	-	Тіктік
341.	Пирамида	-	Кілшоқы
342.	Плавающая запятая	-	Жылжымалы үтір
343.	Планигон	-	Теңгіл
344.	Плотное в себе множество	-	Өзінде тығыз жиын
345.	Площадь трапеции	-	Қостабан аудан
346.	Подгруппа	-	Іштоп
347.	Подера	-	Аякқы
348.	Подынтегральная функция	-	Интеграласты берне
349.	Подкасательная	-	Жанамасты
350.	Подмножество	-	Ішжиын
351.	Поднормаль	-	Турасты
352.	Подпространство	-	Ішкеңістік
353.	Подпоследовательность	-	Іштізбек
354.	Позиция	-	Тұрғы
355.	Позиционная дифференциальная игра	-	Тұрғылық дифференциал ойын
356.	Позиционная система	-	Тұрғылық жүйе
357.	Покрытие	-	Жабу (бүркеу)
358.	Покрытие множества	-	Жиын жабуы (бүркеуі)
359.	Поле	-	Өріс
360.	Поле комплексных чисел	-	Кешен сандар өрісі
361.	Поливектор	-	Көпмензер
362.	Полигармоническая функция	-	Көбымыралы берне
363.	Полигон	-	Көпкіл (көпбұрыш)
364.	Полигон частот	-	Жиіліктер көпкілі

365.	Полином	-	Көпмүше
366.	Полиномиальный коэффициент	-	Көпмүшелік еселеуіш
367.	Полиэдр	-	Көпжақтық
368.	Полнота действительных чисел	-	Нақ сандар толықтығы
369.	Полуаддитивные функции	-	Жартықосылғыш бернелер
370.	Полуинтервал	-	Жартыаралық
371.	Полуограниченный оператор	-	Жартышепті амалгер
372.	Полус	-	Үйек
373.	Полярные координаты	-	Үйектік тұрағиаттар
374.	Поперечная проекция	-	Көлденең кескін
375.	Поперечник	-	Кесендік
376.	Порождающая грамматика	-	Жасауыш тілхат
377.	Порция	-	Үлес
378.	Последовательность вложенных кубов	-	Іштестірілген текшелер тізбегі
379.	Постороннее решение	-	Бөгде шешім
380.	Постулат	-	Құптама
381.	Потенциал	-	Әлеует
382.	Потенциал простого слоя	-	Жәйқабат әлеуеті
383.	Потенцирование	-	Дәрежеге шығару
384.	Поток	-	Ағын
385.	Потоковый анализ	-	Толассыз талдам
386.	Правосторонняя окрестность	-	Оңжақ маңай
387.	Предельный цикл	-	Шектік дүркін
388.	Предикат	-	Баяндауыш
389.	Предикатная переменная	-	Баяндауыш айнаымалы
390.	Предкомпактное множество	-	Қомақалдын жиын
391.	Преднорма	-	Жортақалып
392.	Предпорядок	-	Жортарет
393.	Прием	-	Айла
394.	Призма	-	Кеспел
395.	Призматонд	-	Кеспелтек
396.	Принцип	-	Біренсеп
397.	Приращение аргумента	-	Айғақ өсімшесі
398.	Проблема	-	Мәселе
399.	Проблема множеств	-	Қарымдар мәселесі
400.	Проблемно-ориентированный язык	-	Мәселеге бағытталған тіл
401.	Прогиб мембраны	-	Жарғақ майысуы (иілуі)
402.	Прогонка	-	Қума
403.	Программное обеспечение	-	Бағдарламалық жабдық
404.	Прогрессия	-	Дәуірлеу
405.	Проективная плоскость	-	Кескін жазықтық

406.	Проектор	-	Кескіндегіш
407.	Проекционные методы	-	Кескіндемелік әдістер
408.	Проекция	-	Кескін
409.	Прообраз	-	Түпбейне
410.	Прообраз множества	-	Жиынның түпбейнесі
411.	Пропозициональное исчисление	-	Баяндық қисап
412.	Пропорциональная зависимость	-	Үлестес тәуелділік
413.	Пропорциональность	-	Үлестестік
414.	Пропорция	-	Үлестесу
415.	Пространство обобщенных функций	-	Жалпылама бернелер кеңістігі
416.	Процедура	-	Рәсім
417.	Процесс	-	Үрдіс
418.	Процесс ортогонолизации	-	Тіккілдеу үрдісі
419.	Прямая пропорциональность	-	Тура үлестестік
420.	Прямое произведение	-	Тік көбейту
421.	Прямоугольник	-	Тікше
422.	Равновеликая проекция	-	Теңшамалы кескін
423.	Равновозможные события	-	Теңмүмкін оқиғалар
424.	Равносильные уравнения	-	Балама теңдеулер
425.	Радиан	-	Өрелік
426.	Радианная мера	-	Өрелікті өлшем
427.	Радикал	-	Түбір
428.	Радиус	-	Өре
429.	Радиус сходимости	-	Жинақтылық өресі
430.	Разбиение единицы	-	Бірді бөлшектеу
431.	Развернутый угол	-	Жазық бұрыш
432.	Развертывающаяся поверхность	-	Жазылатын бет
433.	Разветвление	-	Тармақталу
434.	Разделение переменных	-	Айнымалыларды айыру (ажырату)
435.	Разделенные разности	-	Ажыратылған айырымдар
436.	Разделимость	-	Ажырамалық
437.	Разделимость выпуклых множеств	-	Дөнес жиындардың ажырамалығы
438.	Разряд	-	Реттік
439.	Ранг	-	Шен
440.	Ранг матрицы	-	Тікшемнің шені
441.	Рандомизация	-	Тосындау
442.	Рандомизированный критерий	-	Тосындалған кепілдік
443.	Распознавание образов	-	Бейнетаным
444.	Расходящийся ряд	-	Жинақталмайтын қатар
445.	Рациональная функция	-	Оңтай берне

446.	Рациональное число	-	Оңтай сан
447.	Регрессионный анализ	-	Керігімді талдам
448.	Регрессия	-	Керігу
449.	Регулируемая переменная	-	Жөнделетін айнымалы
450.	Регулированное семейство	-	Жөнделген үйір
451.	Регулярная функция	-	Жөнді берне
452.	Регулярный метод суммирования	-	Жөндемді қосу әдісі
453.	Редукция	-	Оңайлату
454.	Редукция задачи	-	Мәселені (есепті) оңайлату
455.	Рекуррентная последовательность	-	Қайтымды тізбек
456.	Рекуррентное соотношение	-	Қайтымды қатынас
457.	Рекурсивный анализ	-	Қайтуылды талдам
458.	Релейно-контактная схема	-	Ауыс-түйіс сұлбе
459.	Рельеф функции	-	Берне бедері
460.	Рефлексивное пространство	-	Қайтарымды кеңістік
461.	Рефлексивность	-	Қайтарыс
462.	Решетка	-	Кереге
463.	Решетчатые распределение	-	Керегіспет үлестірімдер
464.	Робастность	-	Беріктік
465.	Род	-	Тек
466.	Родственное отображение	-	Тектес бейнелеу
467.	Ромб	-	Теңқиық
468.	Ротор	-	Құйын
469.	Рулетка	-	Жиналма
470.	Рулетта	-	Сырғыма
471.	Рюкзак	-	Дорба
472.	Самосопряженная матрица	-	Өзтүйіндес тікшем
473.	Сбой компьютера	-	Қисапкер жаңылысы
474.	Свертка	-	Үйірткі
475.	Свертка функций	-	Бернелер үйірткісі
476.	Свертывание	-	Үйірту
477.	Сверхповерхность	-	Астамбет
478.	Сверхсходимость	-	Астамжинақтылық
479.	Сводимость	-	Келтірімділік
480.	Сектор	-	Қиынды
481.	Секущая	-	Қиюшы
482.	Семейство	-	Үйір
483.	Семейство кривых	-	Қисықтар үйірі
484.	Семинвариант	-	Жарытаған
485.	Сепарабельное пространство	-	Ыдырамалы кеңістік
486.	Сепарабельность	-	Ыдырамалық
487.	Сепаратриса	-	Ыдыратқыш

488.	Серия	-	Лек
489.	Сетевая модель	-	Торланған пішім
490.	Сетевое планирование	-	Торлай жоспарлау
491.	Сеть	-	Тор
492.	Сечение	-	Қима
493.	Сжатие	-	Сығу
494.	Сжатое отображение	-	Сығымды бейнелеу
495.	Сигнатура	-	Белгілік
496.	Сигнум	-	Таңбалық
497.	Сильная топология	-	Мардымды аратаным
498.	Сильное решение	-	Мардымды шешім
499.	Символ	-	Рәміз
500.	Символ существования	-	Бар болу рәмізі
501.	Символическая логика	-	Рәмізді қисын
502.	Симплекс	-	Жәй жақ
503.	Симплексный метод	-	Жәйжақ әдісі
504.	Сингулярная матрица	-	Бейжөн тікшем
505.	Сингулярное интегральное уравнение	-	Бейжөн интеграл тендеу
506.	Сингулярность	-	Бейжөндік
507.	Синоним	-	Мәндес
508.	Синтез	-	Өру
509.	Синтез программ	-	Бағдарламаларды өру
510.	Скаляр	-	Жалаң
511.	Скалярное произведение	-	Жалаң көбейту
512.	Скачкообразный процесс	-	Секірмелі үрдіс
513.	Скользящий вектор	-	Жылжымалы меңзер
514.	Скрещивающиеся прямые	-	Айқас түзулер
515.	Слабая топология	-	Мардымсыз аратаным
516.	Сложность алгоритма	-	Әлхоризм күрделілігі
517.	Соленоидальное поле	-	Түтікшелік өріс
518.	Соответствие	-	Сәйкестік
519.	Соприкосновение	-	Жанасу
520.	Сортировка данных	-	Деректерді сұрыптау
521.	Состояние классификации	-	Топтастыру күйі
522.	Состоятельная оценка	-	Тиянақты баға
523.	Софокусные кривые	-	Тоғыспа қисықтар
